



## Қарағанды облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2024 жылға арналған төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2024 жылғы 16 шілдедегі № 203 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 18 шілдеде № 6624-09 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 5-тармағына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінің 569-бабына, Қазақстан Республикасының Су кодексінің 38 бабының 5) тармақшасына сәйкес Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарағанды облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2024 жылға арналған төлемақы ставкалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасы

Н. Кобжанов

Қарағанды облыстық  
мәслихатының  
2024 жылғы 16  
шілдедегі  
№ 203  
Шешіміне қосымша

## Қарағанды облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2024 жылға арналған төлемақы ставкалары

№ р/р	Арнаулы су пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	2024 жылға төлемақы ставкалары, теңге
Балқаш және Алакөл көлдері мен өзендерінің бассейні			
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	191,98
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	529,6
3	Ауыл шаруашылығы (төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 текше метр	152,26

4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	145,64
5	Су энергетикасы	теңге/1000 киловатт-сағат	56,27
6	Су көлігі	теңге/1000 тонна-километр	16,55
Ертіс өзенінің бассейні			
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	208,53
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	599,11
3	Ауыл шаруашылығы (төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 текше метр	168,81
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	168,81
5	Су энергетикасы	теңге/1000 киловатт-сағат	62,89
6	Су көлігі	теңге/1000 тонна-километр	23,17
Есіл өзенінің бассейні			
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	201,91
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	559,39
3	Ауыл шаруашылығы (төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 текше метр	158,88
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	158,88
5	Су энергетикасы	теңге/1000 киловатт-сағат	56,27
6	Су көлігі	теңге/1000 тонна-километр	16,55
Нұра, Сарысу, Кеңгір өзендерінің бассейні			
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	225,08
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	642,14

3	Ауыл шаруашылығы (төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 текше метр	185,36
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	175,43
5	Су энергетикасы	теңге/1000 киловатт-сағат	-
6	Су көлігі	теңге/1000 тонна-километр	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ